

Облыстық С.Жиенбаев атындағы жасөспірімдер кітапханасы



Электронды пошта: labrari@mail.ru

Сайт: www.aktobeoub.kz

Телефондары: 50-44-48;53-01-10.

Бейбішілік даңғылы,17.

Ярослав
Смеляков

АҚ ҚАЙЫҢ

Ярослав Смеляков

АҚ ҚАЙЫҢ

Жыр кітабы

Аударған *Сағи Жиенбасов*



«ЖАЛЫН» БАСПАСЫ
А л м а т ы — 1979

P2
C 52

Смеляков Ярослав.

C 52 Ақ қайың: Жыр кітабы. Аударғ.
С. Жиембаев. — Алматы: Жалын, 1979.
128 бет.

Белгілі совет ақыны Ярослав Смеляковтың өлеңдерін қал жұртшылық қашаннан-ақ сүйіп оқиды. Оның ойлы да отырғыл да сұлу жырлары халқымыздың қымбат қазынасына айналды. Ол ұлы Отанымыздың гажайып күдіретін, партадалалығын, жастардың жаңа сұлулығын аса бір сүйіспеншілікпен жырлады.

«Ақ қайың» аталатын бұл кітапқа ақын өлеңдерінің таңдаулылары енді.



Г

C 70303—255
408(05)79 171—79

© «Жалын» баспасы, 1979 ж.

АҚ ҚАЙЫҢ

ҚЫЗЫЛ АЛАҢДА

Қайда еді Россиям-ау,
Тройкалардың дауысы,
Қайда еді — көздер құралай,
Қас жүйріктердің шабысы?!

Қайдасың, боран-дауылда
Шанадан шыққан суылдар,
Бұрқырап, қызыл жалындай
Танаудан ұшқан құйындар!

Қайда жүр,
 қайсы өңірде
Қоңыраулар, жүген; жарақтар,
Аяздар сүйген еріндер,
Қыраулар қатқан қабақтар!

Қобалжып көңіл құлшышып,
Қараймын Қызыл алаңға,
Естілді аттың дүрсілі,
Тақылдап тастар табанда,

Қарар ма!
жүйткіп атты әскер
Жалт етіп өтті жанарда.

Танкілер өтер алаңда
Тачанкілерге келді рет,
Сақталып келген талайдан,
Соғыстар көрген зеңбірек.

Жалтылдап қылыш жарқылы
Көрсетті өмір елесін,—
Блюхер батыр даңқы мен
Қолчактың өлі денесін.

Ойлайды-ау талай генерал,
Штабта, яки түсінде —
Жүрем деп ақбоз жорғамен
Осындай саптың ішінде.

Бірақ та, болмай арманы ол,
Жұтты ғой бәрі өз басын.
Қасымда тұрған найзагер
Сүртеді үнсіз көз жасын.

Атаман деген ат та өшкен,
Татқанбыз жеңіс шарабын,
Келеді біздің атты әскер
Көтеріп қызыл жалауын.

Босадың неге, қартым-ау,
Өткендер еске түсті ме?
Өшкен жоқ ізі,
Артынан
Өскен жоқ гүлдер үстіне.

Барады полк алыстап,
Жарқыдап қару-жарағы.
Соңынан қызыл марштай
Башлықтар ұшып барады.

ЖЕР

Тірлікте жаймен күн кештім,
Борап мен дауыл көргем жоқ.
Демеймін бұлтпен бірге өстім,
Мұхитты шарлап келгем жоқ.

Сонау бір албырт, көңілді
Жастығым қайта келгендей,
Сүйдім мен қара жерімді,
Бейнебір тұңғыш көргендей.

Сол үшін терлеп, шаршадым,
Жатпадым жылы шуақта.
Күстене түсті саусағым,
Тазара түсті бірақ та.

Болсын деп ырза асылым,
Жүзіне кірбің жоламай,
Арбаға салып тасыдым
Тербеткен ұлын анадай.

Болдым мен кейде өктемдеу,
Өзі үшін оны жасадым.
Қонарып оны кетпенмен,
Қайламен үңгіп қашадым.

Гранат ұстап жүгірдім
Жауыма қарсы кек тұнып,
Жерімді құша жығылдым,
Қансырап жаттым оқ тиіп.

Шыңдадың өзің ерінбей,
Шың-күзды маған бердің де,
Сондалып шықтым темірдей,
Табы бар әлі ернімде.

Әжімдер мынау жағалай
Самайдан, беттен көрінген —
Әкеге тартқан баладай
Ауысты маған жерімнен.

Жайнаттым, өзім түлеттім,
Жара бар бірақ кеудемде,
Тырнақ пен кара түнектің
Астында жатты жер кейде.

Болдың сен аспан, кеңісім,
Бесігім, соңғы лашығым...
Жан қнып жатсақ сен үшін,
Қадірің шығар, асылым.

БІЗДІҢ ГЕРБ

Болған-ды бұл бір жай
Ұлы таң атқанда,
Жеңіске жетіп ел
Дуылдан жатқанда.

Кремль кеңсесі
Азынап тұрған-ды,
Сонда да басшылар
Кеңеске жиналды.

Олармен бір келіп,
Отырды столға —
Оракшы, тоқушы,
Батырақ ұстаң да.

Сылаған мұртын да,
Сыртын да түзетіп,
Есіктің алдында
Солдат тұр күзетіп.

Келісті кеңесіп:
— Жер — біздің анамыз,
Ұлы жер бейнесін
Гербіге саламыз.

Гербінің бетінде —
Көк аспан сияқты
Жұлдыздар жарқырап,
Күн тұрсын шуақты.

Осынау гербінің
Ойласын бар мәнін,
Делегат жолдастар
Жеткізсін қалғанын...

Қиналмай,
 ұстаның
Өзіне салғасын,
Өзінің байлығы —
Әкелді балғасын.

Жинаған даланың
Самалын, арманын, —
Әкелді батырақ
Алтын дән бауларын.

Жанарға толтырып,
Жайқалған көгалын,
Әкелді шаруа әйел
Өзінің орағын.

Тоқушы — етікпен
Сірескен тоң қарып,
Өзінің тоқыған
Матасын келді алып.

Қарт ұста талай жыл
Ұстаған балғаны —
Кеңесте келісіп,
Орақпен жалғады.

Алтын дән бауларын —
Ырзықты ертеңгі,
Кеңесіп

алқызыл
Матамен көмкерді.

Ильичтің арманы —
Жалынды ұран да
Алқызыл лентаға
Жазулы тұр онда.

Солдат та ұмтылды
Басқаны көрді де,
Ұсынды мылтығын
Тұрсын деп тербіде.

Ильич салмақпен
Айтты жай солдатқа,—
Қолында өзінің
Жүрсін бұл әр уақта.

Басталды солдаттың
Тамаша тағдыры!—
Жанында гербінің
Тұрады ол әр күні.

ТАРИХ

Замандас, қатар достарым,
Сырласып еске алады,
Айқындау бола бастады
Тарихтың әрбір қадамы.

Күйдіріп бір кез бұқтырып,
Бөледі бір кез шуаққа.
Бар сырын өзі ұқтырып,
Жеткізді өзі мұратқа.

Өмірдің бұл бір гүл шағы,
Көргем жоқ мұндай ұлылық.
Барады қазір күн сайып
Тағдыры жұрттың бірігіп.

Жығылып, ұстап шалғайдан,
Туған ел,
сәби балғындай,
Әжеме жабысқандай нақ
Келемін сенен айрылмай.

* * *

Луыра қалсам егер де,
Дәрігер басын қатырман,
(Әншейін айтты демендер)
Достарыма айтам шақырған:

Жайындар жасыл даланы,
Мұнардан перде тағындар,
Жастығым болсын жоғары,
Жұлдызды жастай салындар.

Еңкейген жоқпын, тік өстім,
Күйбеңдеу — менде жоқ өнер,

Әділет үшін күресте
Жарадар болсам мен егер,

Басымды менің таңыңдар
Таулардың ирек жолымен,
Үстімді қымтап жабыңдар
Гүлдердің қызыл шоғымен.

Қажетсіз — дәрі-дәрмегің,
Бәрі бір көмек бермейді,
Тасқыннан ұшқан сәуле мен
Даланың желі емдейді.

Теңіздер менен таулардан
Мәңгілік бір леп келгендей.
Қарасаң — мынау жандар да
Мәңгілік өсіп-өнгендей.

Мен енді жай бір жол емес,
Бұлттарды басып өтермін,
Емхана коридоры емес,
Құс жолыменен кетермін.

ТОРҒАЙ

Жиырмамыншы съезге дейін,
Болмады ешбір шара да,—
Тұрдым мен көзім көгеріп,
Инта деген қалада.

Ол жерге шыбық бітпеген,
Сая жоқ ешбір тығылар,
Шанаға жеккен ит пенен
Шапқылап жүріен бұғылар.

Отырғам әйнек алдында
Ойларға шомып мен жүдеп,

Абайсыз келіп қалды ма,
Қасыма торғай қонды кеп.

Көрдің бе мына ғажапты,
Торғайым, қандай сырың бар.
Әкелдің бе екен азаттық,
(Осындай елде ырым бар).

Бір сезім билеп денемді,
Қараймын ылғи мөлдіреп,
Торғайды көрсем тек енді
Тұратын болдым елжіреп.

Жанымды келіп жаямын
Жолықсын мейлі, ол қайда,
Ұқсайды бәрі — баяғы
Итадан көрген торғайға.

Ұмытқам бәрің өткеннің,
Қайғыдан қалған жоқ із де.
Кезі еді жасыл көктемнің,
Жүргенмін Қара теңізде...

Кім көрген бұрын ондайын,
Ғажаптар көп қой тағдырда,
Баяғы таныс торғайым
Тағы тұр менің алдымда.

Секіріп ойнап сенімді,
Қысылмай, ескі әдетпен,
Тастаған менің жемімді
Түрткілеп жатыр тәбетпен.

НАТАЛЬЯ АЛДЫНДА АҚТАЛУ

Ұмыттым қазір ай-жылын,
Тозды ғой, есте жоқ енді,—
Әйтеуір, Сізді жазғырып,
Жазғаным рас өленді.

Дұрыс та шығар сол бір ой,
Қазбалап қайтем тек қана,
Пушкин сенген болды ғой,
Сүйді ғой жас қыз деп қана.

Кешірімес еді аруақ та,
Демес еді оны мақұл да,—
Қорлауға Сізді ғайбаттап,
Жоқ еді менің хақым да.

Қиналман оған тосылып,
Азапка түспен соншама.
Сұраймын, бірақ, кешірім,
Арамыз алшақ болса да.

Ұмытып сол бір өленді,
Жүрсеңіз енді кектенбей,
Көңілді сауық-серуенде
Салқын жел соғып өткендей.

Сөз бе екен Сізге бұ деген,
(Кетер-ау шығып табанда).
Пушкиннің өзін тірілей
Ұмытып кеткен адамға.

ЖҮРЕК

*Сілкіне қалса дүние,
Сызаты — ақын жанында.
Генрих Гейне.*

Күрсінді талай Жер-ана,
Дүние талай сілкінді,
Кездесіп ылғи налаға,
Жүрегім қанша бұлқынды.

Байғұсым қанша тырысты,
Көтеріп жүгін өмірдің.
Қағып та қалсаң ыдысты,
Шығар ма одан көңілді үн.

Сөнген жоқ әлі жалыны
Көрссе де қанша дерт, мұнды,
Әлі де сенің, дәуірім,
Көтерер соңғы сөкқынды.

МЕРЕКЕ МОНОЛОГЫ

Сол жылы қорлық, наладан
Ашынып, шулап жатты жұрт,
Ұшырып қарлы далада
Патшаның
тәжін
лақтырып.

Майданға шықты шыдамай,
Солдаттар енді тік тұрып,
Ысырды Россиядан
Патшаның
өзін
ықтырып.

Қылжақпас қулар кешегі
Қуаныш кернеп жүрегін,
Езгілеп патша төсегін,
Ойнады
қолбасшы
рөлін.

Өшіккен масқарапаздар
Үстатпай ешбір кісіге,
Фуражкесін де умаждап,
Тастады
қоқыс
ішіне.

Өзі де естен айрылып,
Төнгесін қауіп-қатер де,
Қарамай артқа қайрылып,
Жөнелді
зытып
жат елге.

Солдаттар күзде шайқалып,
Шықты да жойқын күшімен,
Буржуйдың сәнді қалпағын
Үшырды
найза
ұшымен.

Найзағай болып өтті де,
Жаңартып аспан, ауаны,
Октябрь енді кепкімен
Шарлады
қала,
даланы.

Қосылып жатты әр тұстан
Еркімен оған серіктер,—
Қаладан шыққан картуздар,
Даладан

келген

бөріктер.

* * *

Түскен жоқ оңай бар жанға,
Қайтқан жоқ бірақ, түңіліп.
Аттанды барлық жауларға
Жұмысшы,

шаруа

бірігіп!

Құрбандар жатқан қыратқа
Ерлерді талай жерледік,
Бермедік

Туды

бірақ та,

Намысты

бірақ,

бермедік!

Жүрдік біз үнсіз бұралып,
Ант беріп, аштықты айтпадық,
Сонда да

біздер

шыдадық.

Сонда да

біздер

қайтпадық!

Россия, саған тағдырын
Тапсырды сеніп сан адам.

Жаңадан —
болды барлығы,

Бастадық бәрін —
жаңадан!

Алғашқы
тілші хаттарын,
Рабфакшыларды
алғашқы,

Алғашқы
бесжылдықтарын
Туған ел
ұмыта
алмас-ты.

Ұмытпайды елі
әлі де

Олардың
ғажап істерін,

Алғашқы
бригада мен

Алғашқы
коммунистерін.

Есіңде сенің —
сондай-ақ

Ел үшін өмір сүргендер,
Партбилеттері болмай-ақ
Партиямен бір
жүргендер.

Есіңде —
ұлы сезіммен
Сен үшін жұмсап бар күшін,
Мақтаныш тұтып,
өзіңмен

Бөліскен

бақыт, қайғысын.

Барады қазір салт болып,
Айналды қазір салтқа бұл,
Ұлы Отан

жайлы

шаттанып,

Айтамыз

ылғи

газетте.

Лепіру емес жай ғана,
Жазғырмас ешкім ол үшін.
Шындық бұл —

айтар

қайда да

Советтің

байтақ

жері үшін.

Келеміз бүгін қарыштап,
Жауды да жеңдік ерлікпен,
Самғадық

сонау

ғарышқа,

Көтерді

басын

шөл біткен.

Мереке күні тағы да
Айтамын сөзін көңілдің —
Құдіретін

біздің

дәуірдің,

Құдіретін

біздің

өмірдің.

Мөлдіріп

аспан

көгімнің

Кендігі

туған

жерімнің!

ГАЙЫҢҚА КЕТКЕН ЖОҚСЫҢДАР

**Онсыз да қысқа өмірде,
Аяқтап кенет санарын,
Бақияық болып, менің де
Барады сиреп қатарым.**

**Түршігіп, толқып өң бойым,
Кіргендей бұлдыр сағымға,
Некрологтарға қол қойып,
Тұрамын табыт жанында.**

**Ескінің әдет-салты бар,
Гүрпы бар сондай әуелден,
Жерлеп бір келіп,
Артынан
Ішеміз жесір әйелмен.**

**Бірге өскен құрбы-құрдасым,
Мәңгілік сөнбес шоқсындар,
Бу болып ұшып, қырды асып
Гайыңқа кеткен жоқсындар.**

**Сендердің бәрің, артыңда
Қалдырдың сәуле-отынды, —
Аспанда жүрген жарқылдап,
Миллион жұлдыз секілді.**

Бір кезде бұның бәрі де
Мадақтау сөзді жек көрген —
Цехтардың бастықтары мен
Саяси қызметкерлер.

Жағымпаздармен күрескен,
Жоқ ешбір жалтақ, бұлтағы,
Сендерсің — адал тік өскен
Ұлы елдің үлкен ұрпағы.

Ұйқысыз өтті таңдарың,
Қиыннан қорқып безбедің,
Осы елдің ұлы шаңырағың
Көтеріп кеткен өздерің.

Айтады бұны таңырқап,
Жырақта жатқан әр ел де.
Еске алып әлі сан ұрпақ,
Аттарың жүрер әлемде.

ҚАЛТА

Шығыпты әбден ойынан
Шалбардың алқа-салқасы,
Біздің баланың бойында
Бар екен жалғыз қалтасы.

Реті келген сәттерде,
Жүргенде кезіп даланы,
Жарайды сол-ақ портфельге,
Қапшық та бола қалады.

Өзгеден және бүкпейді,
Тығады соған барлығын,—

Тот басып қалған винттерді,
Шегенің түрлі қалдығын.

Жүрісі осы кашанда,
Кұмарлық па екен бір жағы,
Жинайды пушкі жасауға
Соғыстан қалған гильзаны.

Шыны бұз, рас айтамын,
Қарасаң немер табылар,
Түбінде сол бір қалтаның
Жердегі заттың бәрі бар.

Қызық қой саған көбісі,
Жақсы гой бәрін ойлаған,—
Жер аман болсын,
 сен үшін
Жетеді қазір сол, балам.

ТАБИҒАТ ТА АДАМ ТІЛІН ҰҒАДЫ

Әнмен,
Күймен
Білдік оның тілін де,
Табиғаттан
Бәрін алдық бүгінде.
Бәрін алдық —
Өкіметті алғандай
Он жетінші жылдың октябрінде.

Содан бері
Талай істі тындырды,
Жаулардың да сағын талай сындырды.
Большевиктер —
Бейбіт елдің ұлдары
Табиғатты үйретіп те үлгірді.

Ақ қайындар
Сап түзеді жолдарда,
Митингіге
Жүгірді қыр, орман да.
Орыс жері түгелімен жазылды
Ұйымдасып,
Бәрі колхоз болғанда.

Өсті алмалар
Бақшаларда құлпырып,
Ақты бұлақ
Атыздарда бұлқынып.
Асығады
Өсу үшін тезірек
Жас бүршіктер
Көкке қарай ұмтылып.

Табиғат та
Адам тілін ұғады,
Күнде түлеп,
Күнде жайнап шығады.
Ақ дауыл мен
Аңызактың алдынан
Жасыл орман
Қарсы қарап тұрады.

Егістерді
Күзетеді ну орман,
Күдіретті
Жер нәрімен суарған,
Туған елді
Жан аямай қорғайтын
Айнымайды
Біздің батыр ұланнан.

ЕСКЕРТКІШ

Шойын болып тұр екенмін түсімде,
Илікпеймін — тұғырымнан түсуге.

Әл де кеткен, әр де кеткен қолымнан,
Жүрегім де құйылыпты шойыннан.

Мным менің темір жәшік секілді,
Жатыр онда шойын сөздер не түрлі.

Дүниеге тұрмын үнсіз қарап мен
Тұнжыраған зілдей шойын қабақпен.

Сидиып тұр ағаштардың бәрі де,
Жапырағы көгермеген әлі де.

Балапандар таңертеңнен дуылдап,
Тұғырымның үстінде отыр шуылдап.

Мәңгі жасар өмір жайлы толғанып,
Бір студент отыр кеште ойланып.

Қала үстінде көп жұлдыздар күлгенде,
Сен де келіп тұрдың үнсіз бұл жерге.

Сол маңдайым, сол жанарым бүгін де,
Сол ауызым — өзгермеген күйінде.

Қара әйнектен түскен әлсіз сәуледей
Шойын көзбен тұрам қарап ләм демей.

Түк айнытпай қолымды да, көзімді
Қымбат металл қайталап тұр өзімді.

Скульптор ескерінті әрбірін,
Салынты оған тағдырымның барлығын.